

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының зейнеткерлері үшін
белгіленген зейнетақы мөлшерін арттыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 27 қазан
N 901. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1620
қаулысымен.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының зейнеткерлерін әлеуметтік
қорғауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан
Республикасы ішкі істер органдарының жеке адам құрамының ақшалай
қамтамасыз етілуін арттыру туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі N 581 қаулысына
сәйкес белгіленген ақшалай үлестің орташа деңгейіне

сүйеніп, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамы мен
олардың отбасы мүшелеріне бұрын тағайындалған зейнетақы мөлшері
1992 жылғы 1 тамыздан бастап арттырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған
санаттағы адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне зейнетақыны
арттырылған мөлшерде төлеуді қамтамасыз ету үшін қосымша қаржы
бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі